




**АЛДАБЕРГЕНОВ НҰРТАЗА —
ҒАЛЫМ, ҰСТАЗ, ТҰЛҒА**
Естеліктер

Тарих, археология және этнология факультеті
Археология, этнология және музеология кафедрасы

АЛДАБЕРГЕНОВ НҰРТАЗА – ҒАЛЫМ, ҰСТАЗ, ТҮЛҒА: ЕСТЕЛІКТЕР



Алматы
«Қазақ университеті»
2017

теру, ақшаның бар жоғын анықтау, одан кейін қайтадан теріп шығарып алу Нұрекең үшін қиынның қиыны болды. ҚазГУ-ге қарама-қарсы банкоматтан ақшасын алуға кез-келген адамдарға сеніп карточкасын бере беретін. Кафедрадағы жас мұғалімдерден бастап студенттерге дейін ағамыздың пин-кодын жатқа білеміз. «Әкелгенің үшін» – деп жомарттық танытатындығы да қаншама рет болды.

Алайда ол кісінің бір «кемшілігі» үйіндегі бай кітапханасынан қандай «қиын жағдайдың» өзінде де сылтау айтып кітапсыз қайтаратындығы. Ұстанған кредосы У. Шекспир айтқандай: «Кітап – маған тақтан да қымбат». Бітті. Кітапқа келгенде қатып қалады. Алмағайып заманның небір қысылтаяң, ақшаға қат заманының өзінде де «Сайын мен Жаляпин» (өзі айтатындай) көшелерінің қиылысындағы «Союзпечать» газет дүңгіршегінен газетті үзбей алып оқи отыра, өзіне керекті мағұлыматтарды блокнотына түртіп алып жүрді. (Қазіргі кездегі жағдайын білмедім).

Аға, өміріңіздің кейінгі он үш жылында туған жеріңіз – қасиетті Отырар өңірінде еңбек етіп келесіз. Талай белестен өтіп, талай биікке көтерілдіңіз. Осы биіктерден төмендемей, ЖЕТПС деген азаматтық әбден толысқан шақта мерейіңіз бұдан да үстем бола берсін деген шәкірттік, інілік ыстық тілекті жолдаймын.

«Жазира» жастық көңіліңіз қартаймасын, алдағы бағамды ғұмырыңызда, құрметті Нұртаза аға, өзіңізге берік денсаулық, ұзақ өмір, отбасыңызға амандық, ырыс пен ынтымақ, шаттық пен қуаныш, бақ пен береке тілеймін!

М. ҚОЖА

*тарих ғылымдарының докторы
А.Ясауи атындағы Халықаралық
қазақ-түрік университеті,*

Г. БАЙСАРИЕВА

*Отырар мемлекеттік
археологиялық-қорық музейі*

ОҢТҮСТІКТЕН ШЫҚҚАН АЛҒАШҚЫ АРХЕОЛОГ

XX ғасырдың 70 жылдары Қызылқұм ауданының Қожатоғай ауылында бір кісі балаң не істейді дегенде «балам көр қазады, келінім адам сояды» деп жауап қайтарыпты. Осылай ауылдың «қисық» сөзімен перзенті аса сирек мамандық иесі – археолог, ал келіні дәрігер екенін қысқа да нұсқа жеткізіпті. Ауылдың қарапайым адамдары археолог деген кім, ол не жұмыс істейтінін ұзақ түсіндіруді қажет ететін уақыт. 1970 жылға дейін Оңтүстік Қазақстан аумағында (бұл ұғымға Оңтүстік Қазақстан облысымен қатар Қызылорда, Жамбыл облыстары кіреді) дүниеге келген бірде-бір қазақтың баласы археолог деген диплом алмаған. Астанамыз Алматының жоғары оқу орындарында мұндай мамандық иесін оқытпақ түгілі күллі Қазақстандағы археологтарды саусақпен санап шығуға болатын кез. Олар – Әлкей Марғұлан, Кемел Ақышев, Әбдіманап Оразбаев, Хасан Алпысбаев, Мір Қадырбаев. Сол кезге дейін бүкіл Кеңес Одағы бойынша ең айтулы төрт университетте (Мәскеу, Ленинград, Киев, Ташкентте) ғана археология мамандарын дайындайтын болған. Ал әзіл-шыны аралас осылай балама сөзбен белгіленген бала – оңтүстіктен шыққан алғашқы археолог Нұртаза Алдабергенов болатын.

Арыс қаласында 1947 жылдың 20 қарашасында қазақтың қарапайым отбасында дүниеге келген Нұртаза Алдабергеновтың 1965 жылы Өзбекстан астанасындағы Ташкент мемлекеттік университетінің «археология» бөліміне түсуінің өзі таңғаларлық жағдай. Нұрекең үш студенттен тұратын топтың бір мүшесі болып шыға келеді. Жас балаға ұлық ғалымдар – Орта Азия археологиясының атасы деп аталып кеткен М.Е. Массон, Г.А. Пугаченкова, басқа да әйгілі мамандар дәріс оқып ілім-білім үйретті. Тәжірибені студент Н.Алдабергенов Орта Азияның ең көрнекті ескерткіште-

рінде – Түркіменстандағы Байрам-Әлі елді мекенінің қасындағы көне Мерв қаласындағы («Белое солнце пустыни» атты әйгілі кинофильм түсірілген) құрылыстарды, Өзбекстандағы Әмір Темір туылған Шахриябз қаласындағы жәдігерлерді зерттеу экспедицияларының құрамында өткізіп небір археологиялық олжаларға тап болады. Мысалы, 1967 жылы Тоқтағұл су қоймасын салу қажеттілігіне орай Ташкент университетінің басшылығы Н. Алдабергеновты Қырғызстандағы Ош облысындағы Кетпентөбедегі ғұн обаларын зерттеуге аттандырғанда ол ғұндардың әйел мүрдесін (шамамен I-IV ғасырлар) ашу барысында алтын маска киген көне мәйітке тап болады. Сенсациялық табылым! Алайда масканың қасынан қытай айнасының табылуы бұл жаңалықты жасыруға мәжбүр етіпті. Өйткені, сол кезде Кеңестер одағы мен Қытай арасы шиеленісіп тұрған-ды. Мао Цзе Дун басқарған Қытай Орта Азия біздің жеріміз деген талап қойған уақыт. Мұндай жағдайда Қырғызстан жерінен қытайдың затының табылуын жария ету сатқындыққа теңелер еді. Сондықтан 15-16 жыл Нүрекен тапқан алтын маска Фрунзедегі (қазіргі Бішкек) музейі қоймасында жасырылды. Тек 1983 жылы шектеулі маман қатысқан конференцияда Қырғызстанның белгілі археологы Исмат Қожомбердиев көне ғұнның алтын бетпердесін қазақстандық жас археолог Н. Алдабергеновтың тапқанын жария етеді.



Нұртаза Алдабергенов Ә.Х. Марғұланға 70-жылдығына суретін сыйға беріп жатыр

Ташкентте өткен студенттік шақ арнайы білім алумен қатар шығу тегі мен тарихы жағынан қазаққа қырғыздан да жақын өзбектің зиялыларымен танысуға жағдай жасады. Нүрекен, әсіресе, әйгілі өзбек жазушысы Гафур Гулямның отбасымен жақын ағайын-туысқандай болып кетеді.

1970 жылы университетті бітіріп Өзбекстанның бір облысындағы музейдің директоры қызметі ұсынысылса да жас маман «басқа елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол» деген принциппен өз еліне қайтады. Қазақстандағы еңбек жолын Қазақ ССР Ғылым Академиясының тарих, археология және этнография институтының Кемел Ақышев басқарған Оңтүстік Қазақстандық кешенді археологиялық экспедиция құрамында қатысудан бастайды да екі жылдық далалық маусымды Отырартөбе қазбаларында өткізеді. Нүрекеннің Қазақстандағы ең үлкен ортағасырлық қаласындағы археологиялық қазбалар туралы ойларын көпшілікке 1971 жылы «Лениншіл жас» газетінде «Отырар оттары» деген тақырыппен шыққан мақалада жария етті.



Келішек тау етегінде. Түркі тас мүсіндер табылған жерде. Н.Алдабергенов, М.Қожа, Созақ ауданы әкімінің орынбасары

Н. Алдабергенов 1971 жылдың аяғында сирек мамандық иесі ретінде Мәдениет министрлігінің Республикалық ғылыми реставрациялық шеберханасына жұмысқа шақырылып Түркістанның ескерткіштерін жандандыру жұмыстарына қатысты.

Өлемге әйгілі Қожа Ахмет Ясауи мавзолейіне тиісті археологиялық бақылаулар жүргізіп оның айналасындағы кесенелерді, Қылует, Шілдехана атты нысандарды зерттеулерге, Күлтөбедегі қазбаларға қатысты. Яғни Түркістанның аспан астындағы музейге айналуына өз үлесін қосты.

Нүрекеңнің өмірінің алматылық кезеңі қазақ зиялыларының қаймағы арасында өтті. Ұзақ тізімнің басындағы аттары аңызға айналған Әлкей Марғұлан, Қалтай Мұхамеджанов, Бейсенбай Кенжебаев, «Қыпшақтар» деген монографияның авторы Сержан Ақынжанов, тағы басқа да жазушылар мен ғалымдар болды. Нүрекеңнің Ташкентте оқып Орта Азиядағы жәдігерлерді көзбен көріп, жинаған ақпараттары, білген-түйгені көптомдық Қазақ совет энциклопедиясына енді. Бұл Н. Алдабергеновты алғаш басылған қазақтың ұлттық энциклопедиясының бір авторы, һәм кеңесшісі етті. Аталған басылымдағы Орта Азияның археологиялық және сәулеткерлік ескерткіштер туралы мақалалардың бір бөлігі Нүрекеңнің қолынан шыққан.

1973 жылдан бастап Нүрекеңнің 30 жылдай өмірі Қазақ ұлттық университетінің тарих факультетінде студенттерді баптауға арналды. Нұртаза Алдабергенов университетте археология, этнография кафедрасының қалыптасуына, студенттердің археологиялық зерттеу тәсілдерін игеру, тәжірибе алу мақсатында Жамбыл облысы Шу ауданындағы Ақтөбе көне қалажұрты орнында археологиялық база ұйымдастыруға ерекше үлес қосты, Ақтөбе көне қалашығындағы археологиялық зерттеулерге басшылық етті.

Далалық жағдайда студенттерге практика ұйымдастыру үшін тұрақты база жасау оңай шаруа болмады. Ақтөбе қалашығындағы қазбаларды көріп қайтқан Шерхан Мұртазаның «Қазақ әдебиеті» газетінің бетіне жариялаған эссесіне назар салсақ: «Бұл қаланы біз 1974 жылдан қаза бастадық, -дейді профессор Уахит Шәлекенов. Біздің студенттеріміз осында бір-екі ай практика өтеді. Оларға кафедра мұғалімдері – Нұртаза Алдабергенов пен Мадияр Елеуов жетекшілік етеді. Әуелі қиыншылық көп болды. Техника, жұмыс қолы жетіспейді. ... Біреуді әке, біреуді көке деп жүріп электр жүйесін тарттырдық».

Әйгілі жазушымызды біздің кейіпкеріміздің топырақ астынан аршып алған олжалар таңғалдырған, терең ойға жетелегені анық: «Атақты Майлықожа ақынның туған шөбересі Нұртаза Алдабер-

генов тапқан тостағанды қолға ұстап отырып Омар Хайямды да, беріде өткен Сұлтанмахмұтты еріксіз еске аласың. Бұдан мың жыл бұрын, бәлкім, мың жарым жыл бұрын дәл осы арада бұл тостағанмен кім шарап ішті екен? Баласағұн бегі емес пе екен? ... Мына тостағанмен Жүсіп ақын Баласағұнский шарап ішпеді ме екен? Таяуда ғана Нұртаза Алдабергенов пен Мадияр Елеуов асықтың үлкендігіндей мөр тапты. Мрамордан қашалған мөр арыстан бейнесінде ойылған. Табанында таңба бар. Ол кімдіке?».

Нүрекең басшылық еткен қазбалардан әсер алған Шерағаң келесі түйінмен аяқтапты: «Қазақ мемлекеттік университеті Археология және этнография кафедрасының игі ісіне көпшілік қауым болып табыс тілесек жарасар. Ұдайы жұлдыздарға көз тігіп жүргеніміз – озғанымыз. Ал жер қабатына да үңіліп, тарихымызды танығанымыз – инабаттылығымыз. Тарихын танымаған - талақ».

Қазір Ақтөбе көне қалажұртындағы қазбалардың нәтижелері барлық дерлік Қазақстанның ортағасырлық археологиясына арналған қорытынды еңбектерде аталады. Н.Алдабергеновтың осы қалаға арналған көптеген мақаласы жарияланды. Ал Нүрекеңнің проф. У.Х. Шәлекеновпен бірге дайындаған альбом-кітабының 2006 жылы Түркияда үш тілде, ағылшынша, түрікше және қазақша жарық көруі Қазақстанның мәдени мұрасын шетелде танытудағы үлкен еңбек болып табылады.

Сөзге жүйрік, зиялылығы, адамгершілігі терең Нүрекең өзін білікті маман, ұлағатты ұстаз ретінде көрсете білді. Қазіргі таңда шәкірттері Қазақстанның түкпір-түкпірінде қызмет етуде. Арасында елге танымал азаматтар, мүйізі қарағайдай ғалымдар бар. Тізімнің басында қазіргі археология мен этнология саласындағы жетекші ғалымдар – профессорлар Мадияр Елеуов, Әбдеш Төлеубаев, Жәкен Таймағамбетов, Аманжол Қалыштарды айтсақ та жеткілікті.

Нүрекеңнің суырып салма, тапқыр сөздері аңыз болып қалуда. Бірде Нұртаза емтихан қабылдай отырып үш сұраққа жауап бере алмаған студентке тап болады. Оңай сұрақ қояйын деп ұстаз «Питекантроп қай жерде табылған?» депті. Студент «Тесіктас» – деп қате жауап қайтарыпты. «Ал синантроп қайда табылған?» деп одан да оңай, көне адамның атауында табылған жер белгіленіп тұрған сұрақ қойыпты. Шәкірт тағы «Тесіктас» – депті. Оқытушы тағы да атауында табылған жер белгіленіп тұрған сұрақ береді: «Ал неандерталь адамы қайда табылған?» десе тағы Те-

сіктас депті. Студенттің білімсіздігіне күйініп кеткен Нұрекең: «Тесіктас не саған.. жатақхана ма?», – деген екен.

1980-1983 жылдары Нұрекең Кеңес Одағының ең мықты оқу орны – МГУ-да аспирантура тамамдайды. Танымал археологтарымен жақын араласты, пікір таласты. Нұрекең Еуразия аумағындағы әлемге әйгілі археологиялық ескерткіштердің археологиялық тұрғыдан зерттелуіне атсалысты. Мысалы, профессор Федоров-Давыдов басқарған экспедиция құрамында Шығыс Еуропадағы біздің тарихымызға тікелей қатысы бар Алтын Орда астанасы – Сарай-Бату, басқа атты қала қирандыларын зерттеуге атсалысқан Нұрекеңнен басқа қазақты атай алмаймыз.

2004 жылы Мәдениет министрінің бұйрығымен Н. Алдабергенов Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейі директоры болып тағайындалды. Содан зейнеткерлік жасқа жеткенше музей ұжымын басқара отырып археологиялық ескерткіштерді зерттеу, қорғау, таныту жұмыстарын абыроймен атқарды. «Мәдени бағдарлама» аясында Нұрекеңнің проф. К.М. Байпақовпен бірге жазып құрастырған «Отырар алқабы» атты альбом-кітабы жарық көрді, ерен еңбегі үшін түрлі республика мен облыс деңгейіндегі марапаттауларға, Мәдениет қайраткері деген атаққа ие болды. Қазір Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейі директорының кеңесшісі қызметін атқара отырып, археологиямен шынайы араласам деген жастарға ақыл кеңесін беріп келеді. Нұрекең жеңешеміз Шадат апаймен бірге ұлды – ұяға, қызды – қияға қондырып немере сүйіп отырған бақытты отбасы.

Нұрекеңнің Қазақстанның археология ғылымындағы алатын орны, осы салада атқарған қызметі республикамыздағы жетекші мамандар тарапынан жоғары бағалануда. Айталық, Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясының толық мүшесі, Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты директоры, проф. К.М. Байпақов 2005 жылы Алматыда жарық көрген «Қазақстанның ежелгі қалалары» атты кітабында көне қала орындарында қазба жүргізуге «есімі тек біздің елімізде ғана емес, әлемге әйгілі көптеген археологтар» қатысқанын айта келе олардың қатарында Н. Алдабергеновты көрсетіп, «осы кісілердің көп жылғы еңбектерінің арқасында біз Қазақстанның ежелгі қалалары жайлы толымды мәліметтер алып отырмыз» деп жазады.

Оңтүстіктен шыққан тұңғыш археологты келе жатқан 70 жылдық мерекесімен құттықтай келе, оған зор денсаулық, отбасына амандық және шығармашылық табыстар тілейміз.

М.Қ. ТҰЯҚБАЕВ

*тарих ғылымдарының кандидаты
«Әзірет Сұлтан» қорық-музейі*

НҰР СӘУЛЕЛІ НҰР АҒА!

Әуелде ұстазым болып, соңынан өмір бойы қамқорлықпен мейірімін төгіп келе жатқан Нұртаза аға жайлы кештен-кеш әңгіме етсем де жарасады. Сонау Қаз МҰ-ға оқуға түскен 1974 жылы танысқан ағамызбен қарым-қатынасымыз ешқашан үзілген емес, ол кісінің ұстаздығымен қоса археолог ғалым тұрғысынан атқарған еңбегі де ұшан теңіз. 1970 жылы Ташкент мемлекеттік университетін бітірген соң 1971-1973 жылдары Түркістандағы ғылыми-реставрациялық шеберханасының тапсырысымен белгілі археолог Т.Н. Сенигованың қол астында жұмыс істейді. Осы жылдар барысында Таисия Николаеваның басшылығымен Есім хан кесенесін, Шілдехана, Үлкен және Кіші Қылуеттер, Әулие Құмшық ата, цитадель мен шахарістан қорған қабырғаларын зерттеуге қатысады. Бұл жылдар Нұрекең үшін үлкен археологиялық практикадан өткен мектеп болды десек қателеспейміз. Нұрекең сонымен бірге Түрікменстан, Өзбекстан, Ресей мен Қазақстандағы көптеген ірі-ірі археологиялық экспедицияларға қатысып тәжірибесін, білімін шындаған. Бұған қоса, ұзақ жылдар (1973-2004 жж.) Қаз МҰ-де оқытушы болып істеп 1970-ші жылдардан бері қарайғы археологтардың барлығына ұстаз болды десек қателеспейміз. Теориялық білім алумен қатар Ақтөбе қаласындағы қазбада У.Х. Шалекеновтің, Нұртаза аға мен Мадияр ағалардың басшылығымен практикадан өтпеген археолог кемде-кем. Өзіміз де сол мектептен ілім алып, өмірдегі өз орнымызды тапқандардың біріміз. Нұртаза ағаның ұстаздығымен бірге адамгершілігі, мейірімі жайлы айтпай кету мүмкін емес, сондай бір ұлағатты тірлігін достарыммен кездескенде сүйсіне еске алып отырамыз. Бұл 1975 жылдың көктемінде болған оқиға еді. Бір күні Нұртаза аға бірінші курста оқитын, жатақханада жататын біздің топтың жігіттерін жиып алып «Академик Әлкей Марғұлан аталарыңмен танысқаларың келе ме?» – деп сұрады. Мұндай ғажап мүмкіндіктен кім бас тартсын, бәріміз шу етіп қолдадық. Нұрекең: «бес бала жетеді» – деп, мені, Сәбит Көкімовты, Маман Қаблисановты, Сұлтан Ерназаровты және Асқар Отыншиевті